

Оңалтудың және банкроттықтың, сондай-ақ төлем қабілетсіздігін реттеудің жаңа тетіктерін іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 22 ақпандығы № 12-е өкімі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық және әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз ету жөніндегі 2016 - 2018 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Оңалтудың және банкроттықтың, сондай-ақ төлем қабілетсіздігін реттеудің жаңа тетіктерін іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Жоспарда көзделген өзге де ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау бойынша шаралар қолдансын және Жоспарда белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне оның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жылына екі рет, 30 қаңтар мен 30 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

2016 жылғы 22 ақпандығы

№ 12-е өкімімен

бекітілген

Оңалтудың және банкроттықтың, сондай-ақ төлем қабілетсіздігін реттеудің жаңа тетіктерін іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

P/ с №	Iс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Жаупты орындаушы	Аяқтау нысаны
1	2	3	4	5
1. Ұйымдастырушылық және әдістемелік іс-шаралар				
1.	Облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заннамасын түсіндіру бойынша мүдделі мемлекеттік органдар	2016 жылғы ақпан	Қаржымині, ЖС (келісім бойынша),	

	мен өзге де үйымдардың өкілдері қатарынан ведомствоаралық көшпелі жұмыс тобын құру		ҰКП (келісім бойынша), КҚҚ (келісім бойынша)	Қаржыминің бұйрығы
2.	"Оналту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандагы № 5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	со т практикасының корытылуына қарай	ЖС (келісім бойынша)	ЖС нормативтік қаулысы
3.	Оналту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында "100 сұрақ - 100 жауап" атты өзекті бөлім құру	2016 жылғы наурыз	Қаржымині	интернет-ресурстағы бөлім
4.	"Оналтудың және банкроттықтың, сондай-ақ төлем қабілетсіздігін реттеудің жаңа тетіктерін іске асыру кезіндегі проблемалық мәселелер" атты дәңгелек үстел үйымдастыру	2016 жылғы шілде	Қаржымині, ЖС (келісім бойышша), ҰКП (келісім бойынша), КҚҚ (келісім бойынша)	денгелек үстел хаттамасы
2. Түсіндіру жұмысы және ақпараттық сүйемелдеу				
5.	Оналту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы негізгі өзгерістер туралы ақпаратты тарату үшін ақпараттық ресурстарды кеңінен пайдалану	2016 жылғы мамыр	Қаржымині	талдамалық анықтама
6.	Оналту және банкроттық рәсімдерінің қатысуышылары үшін барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында көшпелі семинарлар еткізу	2016 жыл бойы	Қаржымині, ЖС (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша), КҚҚ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	талдамалық анықтама
7.	Оналту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану жөнінде оналту және банкроттық рәсімінің қатысуышыларына практикалық көмек көрсету	унемі	Қаржымині	талдамалық анықтама
3. Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасының іске асырылуын мониторингтеу				
8.	Хабардар болу деңгейін анықтау шенберінде Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы қайтадан қабылданған заңнамасының нормалары бойынша оналту және банкроттық рәсімдерінің қатысуышылары арасында саяул жүргізу	2016 жылғы қыркүйек	Қаржымині	талдамалық анықтама
9.			Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ҰКП (келісім	

	Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын қолдану практикасына талдау жүргізу	2016 жылғы маусым	бойынша), ҚҚҚ (талдамалық анықтама келісім бойынша)	
10	Оңалтудың және банкроттықтың, сондай-ақ төлем қабілетсіздігін реттеудің жаңа тетіктерін ықтимал борышкерлерге қолдану бойынша талдау жүргізу	2016 жылғы казан	Қаржымині, ҰКП (келісім бойынша), ҚҚҚ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	талдамалық анықтама
11	Борышкерлер - бизнес субъектілері санаттары бойынша дебиторлық берешек бойынша мәліметтер негізінде талдау жүргізу	жыл сайын, 15 шілдеден және 15 қантардан кешіктірмей	Қаржымині, ҰӘМ	талдамалық анықтама
12	Оңалту және банкроттықтың тетіктері туралы бизнестің хабардар болуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ кәсіпорындардың берешек деңгейін азайту бойынша ұсныстыар әзірлеу мақсатында өнірлік ведомствоаралық комиссиялар құру	2016 жылғы ақпан	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	комиссия құру туралы бұйрық

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

ЖС - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚҚҚ - Қазақстан қаржыгерлер қауымдастыры

ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҰКП - "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҰӘМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК